Әділет

# "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі , сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2012/2013 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 18 мамырдағы № 640 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 10 желтоқсандағы № 1571 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында ( Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2012/2013 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 18 мамырдағы № 640 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында жоғары білімі бар мамандар даярлауға 2012/2013 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысында:

кестенің 3-бағанында:

«Оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарды оқытуға» деген жолдағы «1400» деген сандар «1300» деген сандармен ауыстырылсын;

«Оның ішінде Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінде Түрік Республикасынан, басқа түркі тілдес республикалардан студенттерді оқытуға» деген жолдағы «100» деген сандар «200» деген сандармен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2012/2013 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысында:

«Магистратураға қабылдау» деген кестеде:

| Атауы | Мемлекеттік білім беру тапсырысы | Оқу жылы ішінде 1 магистрантты оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (мың теңгемен) | |
|---|---|---|---|
| | | 2012 жылғы 4 айға | 2013 жылғы 8 айға |
| 1 | 2 | 3 | 4 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ұлттық ЖОО, Қазақстан-Британ техникалық университеті, Халықаралық ақпараттар технологиялары университеті | 4214 | 215,4 | 430,9 |
| Басқа ЖОО | 2490 | 132,0 | 264,0 |
| Назарбаев университеті | 100 | 2023,2 | 3339,0 |
| Өнер ЖОО | 55 | Х | Х |
| Ауғанстан азаматтары | 30 | 215,4 | 430,9 |
| Ломоносов атындағы ММУ Қазақстандық филиалы | 20 | 375,6 | 751,2 |
| Барлығы | 6909 | | |

«деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:
«

| Атауы | Мемлекеттік білім беру тапсырысы | Оқу жылы ішінде 1 магистрантты оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (мың теңгемен) | |
|---|---|---|---|
| | | 2012 жылғы 4 айға | 2013 жылғы 8 айға |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Ұлттық ЖОО, Қазақстан-Британ техникалық университеті, Халықаралық ақпараттар технологиялары университеті | 3341 | 215,4 | 430,9 |
| Басқа ЖОО | 3378 | 132,0 | 264,0 |
| Өнер ЖОО | 55 | Х | Х |
| Ауғанстан азаматтары | 15 | 215,4 | 430,9 |
| Ломоносов атындағы ММУ қазақстандық филиалы | 20 | 375,6 | 751,2 |
| Барлығы | 6809 | | |

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК